

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/GDCJ3043>***Д. М. Ишанова¹, К. І. Матыжанов², С. Қ. Тәшімбай³**

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²М. О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Халықаралық білім беру корпорациясы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-4796-1251>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7016-0304>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8000-8330>

*e-mail: dianka.ishanova@mail.ru

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ» – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІМЕН ҮНДЕСТІРЕТІН ШЫҒАРМА

Осы мақалада көрнекті қазақ жазушысы Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» атты әңгімесінің көркемдік әлемі талданып, мәтінді құрудың негізгі принциптері, әңгіме поэтикасының психологиялық аспектілері, шығармадағы әйел бейнесінің (Шолпанның) ұлттық мінездері мен тал бойындағы табиғи сұраныстармен арпалыс жолындағы жан күйзелістері сараланады. Шығарма авторының дүниетанымына әсер еткен тарихи-әлеуметтік факторлардың жазушының шығармашылық шеберлігімен тығыз байланыста қарастырылады. Мақалада жазушының кейіпкерлердің психологиялық толғаныстары мен көңіл-күй әуендерін берудегі жаңашыл қолтаңбасы, Шолпанның туа біткен табиғаты, дәстүрлі тәрбиеден алған әдеп-ибасы, жас әйелге тән күрделі психологиялық ахуалы, оны жазушының кейіптеу ерекшеліктері зерттеледі. Шығарманың басты кейіпкерлерінің (Шолпан мен оның күйеуінің) «күнә» концепті жөніндегі түсініктері. «Күнә» концептінің сол дәуірдегі қазақ қоғамындағы түсінік аясы және оның бүгінгі қоғам үшін де өзекті проблема екендігіне назар аударылады.

Мағжан Жұмабаевтың шағын әңгімесіндегі басты кейіпкердің әлемдік әдебиет туындыларындағы тағдырлас басқа әйел кейіпкерлерінен болмысы мен мінезі тұрғысынан өзгеше екені салыстыру барысында анықталады. Қаламгердің әйел психологиясын бейнелеуіндегі суреткерлік қолтаңбасы ашып көрсетіледі. Жазушының дәстүрлі қазақ қоғамындағы «күнә» концептін кейіпкерлер тағдырымен астастыра отырып ашудағы жаңашыл қадамы мен көркемдік шешімі сараланады. XX ғасырдың басында Қазақ әдебиетінде Мағжан Жұмабаев сомдаған Шолпан бейнесі ұлттық ерекшелігімен ғана емес, жалпы адамзаттық мәселені көтеруімен де құнды. Бұл – бүгінгі күні де өзектілігін жоймаған аса маңызды тақырып.

Тақырыпты зерттеу барысында дәстүрлі ғылыми сипаттама және семантикалық, сапалық, талдау-жинақтау, салыстыру әдістері қолданылады.

Кілтті сөздер: әйел психологиясы, әйел бейнесі, қазақ әдебиеті, драма, психологиялық шығарма, жан әлемі, ұлттық мінез.

Кіріспе

Әйел – көркем әдебиетте ертеден келе жатқан мәңгілік және жаһандық тақырып. Әр дәуірдің, әр кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік ұстанымына қарай, көркем әдебиеттегі әйелдер бейнесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Демек, әдебиет тарихына, әдебиет эволюциясына әйелдер бейнесінің қосқан үлесі орасан зор. Көптеген тарихи оқиғалар әйелдердің құқықтарын, міндеттерін, мінез-құлқын ғасырдан ғасырға өзгертіп отырады. Әйелге деген көзқарас қоғамдық дамумен бірге эволюциялық жолмен дамып отырады. Соған сәйкес әйелдердің жан дүниесі сатылап өзгеріп отырады. Бұл құбылыс әдебиеттегі әйел бейнесінің өзгеруіне ықпалын тигізді. Жазушылар әрқашан кейіпкерлер мен оқырмандарға өмірлік маңызды сұрақтар қоюға, оларды шешу жолдарын іздеуге, оларға жауап беруге, қоршаған шындықты заманға сай шынайы сипаттауға ұмтылды.

Қазақ классикалық әдебиетіндегі әйел бейнесі шытырман жолдан өткен, ерекше күрделі болмысқа ие. Қазақтың классик қаламгерлері де әйелдің қоғамдағы орнын, тұрмыс-тіршілігін, қазақы болмысын, мінез-құлқын, күрделі тағдырын заманауи өзгерістер үстінде мүмкіндігінше шынайы бейнелеуге тырысты. Солардың ішінде өткен ғасырдың басында Еуропалық үлгідегі қазақ прозасын қалыптастырған Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал», Жүсіпбек Аймауытовтың «Күнікейдін жазығы», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Мұхтар Әуезовтың «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу» шығармаларында

қазақ әйелдерінің көркем прозадағы жаңа, соны галереясы жасалды. Біз бұл мақалада М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» шығармасына арнайы тоқталуды мақсат тұттық.

Материалдар мен әдістері

Әдебиеттанудағы психологиялық бағыт, негізінен, жазушының сезім түйсігі арқылы берілетін ой иірімдері мен оқырманның қабылдау өресіне сүйене отырып, көркем шығарманың тұңғыығына бойлауға жетелейтін үрдіске негізделеді. Мәдени-тарихи және әлеуметтік-тарихи мектептің теоретиктерімен психологиялық бағыт әдебиеттің ұлттық дәстүрмен және тарихи процеспен байланысы туралы негізгі ұстанымдарды қамтиды.

Осылайша, шығармадағы психологизм табиғатына кең және терең бойлау көркем туындыға, оның авторының шеберлігіне, сондай-ақ оқырмандардың көркем шығарманы қабылдау ерекшеліктерін саралауға мүмкіндік береді. Әр автор өз жұмысында психологизмді шебер пайдалана отырып арнайы әдістерді жүзеге асырады, белгілі бір міндеттер қояды және белгілі бір мазмұнға келеді.

Кез келген қоғамда әйел өміріне, болмыс-бітіміне, тұрмыс-тіршілігіне, дамуына, білім алуына кері әсер ететін сыртқы факторлар бар. Өңгіменің тақырыбы «күнә» және «қатыгездікпен өз ерінің қолынан қаза табу» сияқты ауқымды проблемалар болғандықтан зерттеу материалында саралау, талдау, талқылау, салыстыру әдістері қолданылды.

Психологиялық бағыт – мәдени-тарихи мектептің маңызды бөлігі ретінде XIX ғасырдың аяғында Ресейде пайда болды. Әдебиеттің өзі ой мен әлеуметтік маңызды оқиғаларға айтарлықтай әсер ете бастады.

Психология – бұл жан туралы тереңірек түсінуге, адамның іс-әрекетінің мәнін түсінуге мүмкіндік беретін әдебиеттің маңызды көрсеткіші болып табылады. «Психология – бұл ойдан шығарылған тұлғаның (әдеби кейіпкердің) сезімдерін, ойлары мен тәжірибелерін нақты әдебиет құралдары арқылы толық, егжей-тегжейлі және терең бейнелеу» [1, 18-б.], – деп атап өтті А. Б. Есин.

XIX ғасырдың аяғында көркем әдебиетте әйелдердің тұрмыс жағдайы арқылы қоғам өркениетінің дамуын бағамдауға болады деген түсінік қалыптасты. Яғни қоғам дамуының белгісі – сол қоғамдағы әйел тұрмысы жағдаймен өлшенеді деген идеяны орыс әдебиетінде Н. Г. Чернышевский «Не істеу керек?» деген еңбегінде қоғамның күн тәртібіне шығарды [2]. Еуропа әдебиетінде басталып, орыс әдебиетінде белең алған «әйел теңдігі», «әйелдердің бас бостандығы мен еркіндігі» сияқты тақырып, XX ғасырдың басындағы «Алаш қозғалысы» бастаған жаңа қазақ әдебиетінің басты тақырыбы болды. Бұл тақырыпты бұрын болмаған жаңа қырынан ашқан көптеген әңгімелер мен романдар жарық көрді. Осы тақырыпты қазақ отбасы

жөніндегі дәстүрлі түсінік пен салт-сана, әдет-ғұрып, моральдік мәселелерді өмір шындығы тұрғысынан мүлде басқаша суреттеген «Шолпанның күнәсі» қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің тосын тұлғасын сомдады.

Ол – 1923 жылы баспа бетін көрген Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның әңгімесі болатын [3]. Шығарма алғаш рет «Шолпан» журналының № 4, 5, 6, 7, 8 сандарында жарияланған. Бұл – отбасындағы ерлі-зайыпты адамдар арасындағы қарым-қатынасты психологиялық иірімдерімен терең толғаныста, шебер суреттеген еуропалық стильде жазылған қазақ әдебиетіндегі тың құбылыс еді. Бұрын поэзия жанрында классикалық туындылар әкелген М. Жұмабайұлы қазақ прозасында да тың тақырыппен психолог-қаламгер ретінде көзге түсті. Ол көркем прозада бұрын-соңды болмаған ерлі-зайыпты адамдар арасындағы тосын қарым-қатынасты қоғам назарына ұсынды. Шолпан – сол замандағы жас қазақ әйелдерінің шындықпен бейнеленген жиынтық бейнесі. Және оның басындағы күрделі тағдыр бүкіл адамзаттық мәселелермен астасып жатыр.

Г. Теміртас «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі ұлттық психологизм» атты мақаласында көркем әңгімеде бір қарапайым әйел психологиясының көрінісі ғана емес тұтас ұлттық психологияның «қазақ әйелдерінің тағдыры», «отбасы құндылықтары», «ұрпақ жалғастыру», «ұлттық менталитет» сияқты белгілерін байқауға болатынын атап өтеді [4].

Әдебиет саласында Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын кешенді түрде зерттеген ғалымдар бар. Профессор Тұрсынбек Кәкішев қазақ ақындары Мағжан мен Сәкеннің әдебиет пен тіршілік өмірдегі қарым-қатынасын тарихи деректерге сүйене отырып, мұрағат мәліметтерімен айқындап берген [5]. Дандай Ысқақұлы Мағжанның әдеби танымдық эстетикасын зерделей отырып, оны әлемдік деңгейге көтерілген ақын деп жоғары бағалайды [6]. Мағжантанушылар Б. Қанарбаева Мағжан поэзиясының қыр-сырын, өлең құрылымы мен сөз бейнелігін саралап, жаңашыл ақын ретінде таниды [7].

Бұл мақалада біз Мағжанның прозасын қарастырамыз. Мағжан мұрасын зерттеуші Т. Есембеков «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің мифопоэтикалық астарына үңіледі [8]. Ақынның аталмыш туындысы туралы зерттеуші Г. Пірәлиева былай дейді: «Иә, небәрі он төрт беттік әңгіме, бірақ ол қазақ прозасына бұрындары беймәлім болып келген «ой ағысы» секілді тың тәсілді ала келген, рухани өмірде үлкен жаңалық, ірі құбылыс жасаған туынды» [9, 59-б.].

«Қазақ прозасындағы рухани жаңғыру сарындары (XX ғасыр шығармалары бойынша)» атты ұжымдық монографияның 2-ші тарауында Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің шыққан жылы, бөлімдер саны, басты кейіпкерлер саны, алғашқы басылымы туралы

деректер беріле отырып, әңгімеден бірқатар үзінділер келтіреді. Мезгілдің психологиялық паралеліне мысалдар береді. Авторлар этнопсихологиялық портреттерге тоқталып өтеді [10, 158-б.].

Б.Майтанов Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы көркемдік әдіс пен поэтика мәселелерін қарастырады. Ол жөнінде былай дейді: «Мағжан Жұмабаев – біздің рухани өлкеміздегі қиырдан көзге түсетін, көрген көз сүйінетін биік шындармыздың бірі де бірегейі. Жазушының «Шолпанның күнәсі» әңгімесі жанры жағынан бұл – психологиялық әңгіме. Жан әлемінің құпия сырларын тереңнен саралайды. Әңгіменің бас кейіпкері Шолпан – әртүрлі сыртқы жағдайлардың және ішкі толқыныстардың нәтижесінде үнемі өзгеріп отыратын образ. Жазушы сол өзгерістерді жан диалектикасын жігі қадағалау жолымен көрсетеді. Осының арқасында бала көру сияқты қарапайым тақырып биік адамгершілік өреге көтеріліп, адамның құлықтылығы, бас бостандығы проблемаларына ойысады» [11, 37-б.].

Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын зерттеуші ғалым Шерияздан Елеуенов «Шолпанның күнәсі» атты әңгімесін қазақ прозасының көркем дамуындағы ірі кадам, қазақ әдебиеті психологизм әдістеріне ұлттық психология тұрғысынан келіп, жаңаша ой қорытуы көңіл аударарлық құбылыс» деп жоғары бағалайды [12, 6-б.].

Нәтижелер және талқылау

Әдебиет зерттеушілері «күнә» концептісін әр қырынан қарастырды. Өмірде адамзат түзу жолдан тайып «күнәлі» істерге бой алдырып жататыны бар. «Күнәнің» түрі де көп. Жазушылар адамзат баласының «күнәнің» адам мен Жаратушының арасындағы белгіленген норманы бұзу идеясын қамтитын «күнәкарлар» туралы мәтіндер жасау кезінде айқын көрінетін ұлттық танымның ерекшелігін анықтау арқылы қарастырады. Кез келген әдебиетте «күнә» категориясы әлемнің тілдік бейнесінің маңызды тұжырымдамасы және ұлттық сананың архетиптік тұғыры болып табылады. Көркем әдебиетте және жалпы мәдениетте «күнәлілерді» жазалайтын түрлі шаралар қолданылады.

Oxford Advanced Learner's Dictionary ағылшын түсіндірме сөздігінде sin лексикалық бірлігі келесідей түсіндіріледі: «an offence against God or against a religious or moral law» (Құдайға қарсы қылмыс, діни сенімге, моральдық заңдарға қайшы келетін нәрсе) [13].

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында орыс әдебиетінің көркем мәтіндерінде «күнәкарлардың» әртүрлі деңгейлердегі нақты көріністері бейнеленген. Неке адалдығын бұзушылар Ю. В. Шатин, М. Литовская зерттеулерінде қарастырылады [14].

М. Жұмабаев «күнә» тақырыбын жаңа сипатта қарастырады. «Шолпанның күнәсі» әңгімесін оқыған кез келген адам тақырыбына қарап,

бірден «Шолпан не үшін күнә жасады екен?» деген ойға келеді. Енді басты кейіпкердің неге күнәлі болғанын анықтау үшін әңгіменің сюжетінен алынған деректерді тізбектеп көрсетуге тырысамыз.

Шолпан 8 жыл отасқан ғұмырында уақыт өткен сайын күнә үстіне күнә жамап алып отырды. Алғашқы жылдары ол Жаратушыдан бала болмауын тіледі. Адал жарына опасыздық жасап, Әзімбаймен ойнап-күліп жүріп, некесіз баланы өмірге әкелмекші болды. Шолпанның күнәға батуының түпкі себептері мынадай: Жары екеуінің ортасына үшінші біреудің (баланың) кедергі болуын қаламады. Сәрсенбайдың «балалы үй базар екен» деген бір ауыз сөзінен кейін қандай жолмен болса да балалы болудың жолын қарастырды. Ері екеуінің арасында бала болмауына өзін кінәлап, яғни өзінің бастапқы ойының дұрыс емес екенін сезініп, құдай жолына түсіп, Алладан ертелі-кеш бала беруін тілеп жалбарынды. Баксы-балгерлердің де ем-домын қабылдады. Бірақ, нәтиже болмады. Шолпан балалы болмауының негізі себебі жары Сәрсенбайда жатқанын білді. Басты кейіпкер оның да бір шешімін табу барысында халқымыздың дәстүр, дін, әдет, ғұрып, өмір, тіршілік, салт құндылықтарын ой талқысынан өткізді. Шолпан ақылсыз емес еді, қандай да әрекетке бармас бұрын, қандай да бір қадам жасамас бұрын өз бойына сіңірген ұлттық тәлім-тәрбие, ар-ұждан, ақыл-парасаттың көмегімен іс-әрекеттің дұрыс-бұрыстығына ой жүгіртіп он ойланып, мың толғанатын. Шолпан сүйген жары Сәрсенбайдың бедеулігі өзін бақытсыз ететінін біліп, әйел заты бола тұра Сәрсенбай үшін ойланып, шешім қабылдады. Еріксіз Әзімбаймен көңіл жарастырып, дүниеге некесіз ұрпақ әкелуге бел буды. Оған итермелеген бір мақал ғана болатын. Шолпанның қателігі бұл мақалдың мағынасына мән бермегені немесе халық аузында жүргеннен кейін теріс деп ойламағанында. Шолпан бұны тек өз бақыты үшін жасамады. Ол Сәрсенбайдың бақытын өз бақытынан жоғары қойды. Сүйген жарының көңілінің қош болғанын қалады. Әрине, Шолпанның қазақ дәстүрімен, ата салтымен ағайын-туыстарының баласын асырап алуға толық мүмкіндігі бар еді. Сәрсенбай баланың биологиялық әкесі болмаса да, анасы Шолпан болғандықтан оған деген сүйіспеншілігі артады деген соқыр сезімнің жетегінде кетті. Баласыз өмір Шолпанның жүрегін жаралады, қанатын сындырды. Шолпан өзінің өмірінде болып жатқан барлық нәрсеге жас жүрегімен егіле уайымдады, жат болып саналатын жасырын әрекетпен емдеуге тырысты.

3. Бигиев XIX ғасырдағы татар әдебиетінің көрнекті өкілі. Ол «Зур гөнаһлар» романының авторы. Бірақ, бұл романның қай жылы жазылғаны белгісіз. Зерттеушілер оны 1887–1889 жылдары жазылған болуы керек деп болжайды. Татар тіліндегі роман 1896 және 1906 жылдары және Кеңес Одағы кезінде 1925 жылы жарық көрді. Бұл мәтін 1890 жылғы басылымнан

алынған және аударылған 1991 жылы Татар кітап баспасы басып шығарған. 2021 жылы Золейха Зиннурова орыс тіліне аударған [15].

3. Бигиев пен М. Жұмабаевтың шығармаларының атаулары жағынан ұқсас. Татар жазушысы З. Бигиевтің романында «күнәһар» кейіпкерлер саны көп. Олар адам жанын қиғандар, адам өліміне ортақтасқандар, отбасының шырқын бұзғандар, Алла жолынан тайып, теріс жолға түскендер ретінде көрінеді. Ал, М. Жұмабаевтың әңгімесінде бір ғана «күнә» жасаған адам бар. Ол – Шолпан. Тағы бір ұқсастық жүз жыл бұрын жазылған шығармалардағы басты әйел кейіпкерлердің Махруй мен Шолпанның некелі жарлары бола тұра, басқа ер адамдармен көңіл қосқандарында. Екеуі де неке адалдығын бұзғандары үшін оқырмандардың тарапынан сынға ұшырайды.

Л. Толстойдың «Анна Каренинасындағы» Анна – бостандықты сүйетін, рухани дарынды, ақылды және күшті әйел [16]. Анна Каренина – отбасылы әйел, сегіз жасар ұлдың анасы. Күйеуінің арқасында ол қоғамда жоғары орынға ие. Құмарлық үшін ол өзінің аналық борышын ұмытады, Вронскиймен бірге көңіл қосады. Орыс әдебиеті жазушысы Л. Толстойдың «Анна Каренина» романдағы басты кейіпкер әр түрлі оқиғаларды бастан кешіріп, өмір ағымына, тағдырындағы орын алған келеңсіз жайттарға төтеп бере алмай «пойыздың астына түсіп өледі». Қазақ әйелі өзін-өзі өлтірмеді. М. Жұмабаевтың кейіпкері ауыр соққыдан, аяусыз тепкіден және күздің суық күнінде «тазару» үшін басынан төмен қарай құйылған қырық шелек мұздай судың құрбаны болады.

«Бовари ханым» романының авторы Гюстав Флобер «провинциялық француз әйелінің» бейнесін талантты түрде жасай алды. Эмма француз әдебиетінің басты кейіпкерлерінің біріне айналды, ал қарапайым әйелдер романды оқып, көбінесе «Бовари ханымның» қайғылы тағдырын өз өмірлерімен байланыстыра отырып оған түсіністікпен қарады [17].

Гюстав Флобердің «Бовари ханымы» өзінің жеке басының арманы, қызығушылығы, бақыты, жан қалауын қанағаттандырғысы келген әйел. Өз күйеуінен көрмеген еркелету, қолдау, сүйіспеншілікті басқа ер адамның бойынан іздеді. Эмма ханым жас кезінде қиялға беріліп болашақ жарының қалтқысыз бейнесін жасап алған еді. Бірақ шын өмірде «қиялдағы бейне» сол ойдың қалпы бұзылмаған күйі қыздың мәңгі жадында қалып қойды. Арманы шындыққа айналмаған ханымның жан дүниесі құлазыды, теріс әрекеттер жасады. Шолпанның Бовари ханымнан айырмашылығы ол қайтсе де өзінің күйеуін бақыты етемін деп жанталасты.

Профессор Айгүл Үсен «Әйелдің жұмбақ әлемі: Шолпан мен Эмма» атты мақаласында ойды былай тұжырымдайды: «Шолпанның да, Эмmanın да трагедиясы өмірдің шындығын мойындамай, өз мұраттарына жету үшін ымырасыз әрекет етуінде. Қоғамға қайшылық, адамдар әлеміне тән

зандылықтарға қайшылық екі кейіпкердің де өмірлік трагедиясы. Екі трагедия екі аспектіде көрінеді. Бірі аналықты аңсау болса, бірі жалынды махаббатқа құштарлық. Екеуі де әйел өмірінің мәні, әйел арманының болмысы. Әйел туралы жазу – өмір туралы жазу болса, әйел опасыздығының мәніне терең үңіліп, ақиқатын тани білген қос жазушының шешімі – әйел опасыз емес, ол – қатыгез, өзімшіл, тоғышар қоғамның, катал болмыстың құрбаны» [18].

Шолпан Бовари бикеш те, Анна Каренина да емес, ол бар ықыласымен шаңырақтың шайқалмауын көздеген, жарының жанында өз бақытын іздеген қарапайым қазақ әйелі. Адамның ең жақсы қасиеттері – мейірімділік, кішіпейілділік, альтруизм – басқаның бақыты үшін өз бақытынан бас тарту. Психиатрикалық сөздікте өзінің бақытынан гөрі өзгенің бақытты болуын жоғары қоятындарға мынадай түсініктеме береді: «Альтруизм – система ценностных ориентаций личности, выражающаяся в готовности жертвовать собственными интересами в пользу другого человека или социальной общности; этнический принцип, выдвигающий в качестве главного критерия нравственной оценки соблюдение интересов другого человека или социальной общности. Термин введен в научной оборот в 1851 г. французским философом Auguste Comte (1798–1857)» [19, 31-б.].

Яғни, «Шолпанның күнәсінің» басты кейіпкері Шолпан өзі үшін емес өзге үшін өз бақытын, ғұмырын құрбандыққа шалды. Әңгіменің басында жаңа қосылған жас жұбайлардың бір-біріне сүйіспеншілігі, жарастығы мен отбасы бақыты барынша сипатталады. Шолпан мен Сәрсенбайдың өзара сыйластығы ертеден келе жатқан қазақ тәрбиесінің үздік үлгісін көрсетеді.

Көркем шығармада ішкі монолог арқылы Шолпанның отбасылық өмірде бала болмауын Тәңірден тілеуін шебер суреттейді. Бірақ автор өзінің басты кейіпкерінің бұл ойын «баланы жек көргендігінен емес, ерімен екеуінің ортасындағы ізгі махаббатқа үшінші адамның ортақтаспауын қалауынан» деп түсіндіреді. Әңгіме құрылымында автордың кейіпкер рөліне көшіп отыратыны кездеседі.

Сәрсенбайдың отауына келін болғалы үш жыл өтсе де ерлі-зайыптылар арасында бала болмады. Бастапқыда баланың болмауына екі тараптан да аса қатты мән берілмеді. Адам өмірінде өзгеріс ойламаған жерден болады. «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» деген Сәрсенбайдың бір ауыз сөзі Шолпанның басына жаңа ойды жарқ еткізді. Сол түннен бастап Шолпанның ойы да, санасы да жаңарды. Шолпан өзінің адасау үстінде жүргенін сезініп, отбасында балалы болмауын өзінің теріс тілегінің қабыл болғанынан деп ойлап, Шолпан қателігін түзетуге бел шеше кірісті. Шолпан «қолымен істегенді мойнымен көтеретін» қайратты әйел. Жаратушыға жан жүрегімен жалбарынып, балалы болуды тіледі. Балалы болу жолында оның көптеген әрекеттерін оны қоршаған адамдар тобы күлкіге, мазаққа, келемежге

айналдырды. Оның қасіретіне ортақтасқан жан болмады. Шолпан ерінің қолдауын да көрген жоқ. Дегенмен де оған Шолпан мойымады, ол жалғыз күйініп өртенді, жүрек жасын төкті. Басына түскен қиындықтан қорқып артқа шегінбеді, қайта тығырықтан шығудың жаңа жолдарын қарастырды. Шолпанның басты мақсаты – отбасын сақтап қалу. Бұдан Шолпанның қайсарлығын, «ұрпақ жалғастыруға» деген жауапкершілігін байқаймыз. Қай қоғамда болмасын әйел адамдар «ұрпақ әкелуші» ретінде саналады және оларға сол міндет жүктелген. Автор Шолпан бейнесі арқылы дәстүрлі қазақ отбасындағы жағдайды суреттеп, оны оқырманға анық жеткізу үшін бас кейіпкерді сан қырынан көрсетеді.

Шолпанның болашақ балаға ата болуға лайық ер азамат іздеуіндегі ойының жемісі де қазақ халқының «текті ата», «текті ұл» ұғымымен астарласып жатыр. Қазақ халқының ұрпақ жалғастығы, қан мен тектің тазалығы сынды құндылықтарды қамтыған. Автор ұлтымызға тән таным-түсінікті оңтайлы жеткізген. Бұл тұста Шолпан ата дәстүрін жетік білетін, оның мән-мағынасына терең бойлайтын танымды тұлға ретінде көрініс тапқан.

Шолпан сегіз жыл отасқан ақ некелі жарының адал төсегін басқа біреумен бөлісудегі күнә есігінен кірер алдында жүрек жарасының емі балалы болу екендігін ешкімге айтып жеткізе алмады. Шолпан Құдай алдында күнәлі болатынын да білді, оның дін мен шариғаттан толық хабары болды. Шолпан жан-жақты, тереңінен ойлайтын, дүниетанымы толыққанды тұлға. Оның іздегені отты, жаңа махаббат емес, отбасының бақыты балалы болу ғана еді.

Шолпан бойына бала біткенде ана бақытын сезінгені өз алдына бір дүние. Есі кетіп қуанышқа бөленді. Дегенмен бұл баланың Сәрсенбайдан болмағаны оның жанына батты. Ол бір сәттері «сүттей ақ махаббатты, балдан тәтті өмірді улаған баласы құрысыншы» деп уайым де шекті. Шолпан қуанса да жалғыз, қайғырса да жалғыз. Шолпанның ішкі сыры, сезім арпалысы балалы болу мен болмаудың арасында анық байқалады. Қаламгер кейіпкердің адами пенделік сезім арпалыстарын ұтымды жеткізген.

Оқиға Шолпанның өмірден өтуімен аяқталады. Оның өмірін қиған өзі сүйген Сәрсенбай еді. Әйел заты да тіршілік иесі екендігін Сәрсенбайдың санасының саяздығы қабыл алмады.

Әйел кейіпкердің қиын тағдырын жазушы ішкі монолог, толғаныс т.б. сияқты адами проблемаларды, сана күресі, ой арпалысы, көзқарас қақтығысы арқылы бейнелейді. Суреткер Шолпанның рухани әлемін, жан дүние қалтарыстарын, жалпы табиғатын ашу үшін ішкі монологқа көп жүгінген. Басты кейіпкердің отбасы бақытын тілеген тынымсыз жан арпалысы толқу мен тебіреніске мұң мен налаға толы тынышсыз ішкі әлемі, эмоционалдық сезім жағдайын шеберлікпен суреттеп берген.

Қорытынды

Осы уақытқа дейінгі қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнелерінің көркемдік көрінісі ғасырлар бойы халық арасында қалыптасқан негіздер мен дәстүрлердің аясында болды. Әлем және қазақ әдебиеті әлеуметтік, геосаяси және мәдени процестерге байланысты әртүрлі алгоритмдер мен даму жолдарына ие. Ал Мағжан Жұмабаевтың адам жанының психологиялық қатпарларын шынайы ашып берген «Шолпанның күнәсі» әңгімесі сол кездегі қазақ прозасындағы жаңа құбылыс еді.

Мағжан Жұмабаев қазақ әйелінің жан сырына жүз жыл бұрын үңілген. Арада бір ғасыр өтсе де әйел тағдыры, нәзік жандылардың ішкі дүниесінің жұмбағы, көп қырлы қалтарыстары қаламгерлерді таң қалдырумен келеді.

Әңгімедегі көтерілген қоғамдық-әлеуметтік мәселелер де, Шолпан бейнесі де жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ әдебиеті үшін тың құбылыс болды. Автордың өзіндік қолтаңбасы сол замандағы М. Дулатовтың да, Ж. Аймауытовтың да, С. Торайғыровтың да, М. Әуезовтың да осы сарындас шығармаларынан мүлде ерек түр деуге болады.

XX ғасырдағы қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты қазақ әдебиетіндегі әйелдің шынайы бейнесі бір ғасыр бұрын осылай бейнеленді.

Әлемдік классика үлгісінде жазылған М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің мағына тереңдігі, адамзат басындағы негізгі мәселелер, жалпы дүниетанымдағы пайымдардың көркем шығарма мен оқырман арасындағы байланысты көркем де, шынайы көрсете білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 **Есин, А. Б.** Психологизм русской классической литературы: Книга для учителя [Текст]. / А. Б. Есин. – М. : Просвещение, 1988. – С. 18.

2 **Чернышевский, Н. Г.** «Что делать?» «Библиотека Всемирной литературы», [Текст]. – М. : Художественная литература, 1969. – 610 с.

3 **Жұмабаев, М.** Көп томдық шығармалар жинағы: 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме [Текст]. – Алматы : Жазушы, 2002. – 208-б.

4 **Теміртас, Г.** «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі ұлттық психологизм» [Электронды ресурс]. – https://adebiportal.kz/kz/news/view/solpannyn-kunasi-angimesindegi-ulattyq-psixologizm__15490

5 **Кәкішұлы, Т.** Мағжан мен Сәкен [Текст] : ғылыми эссе. – Алматы : 1999. – 447-б.

6 **Ысқақұлы, Д.** Мағжанның әдеби – танымдық эстетикасы [Текст] : [М. Жұмабаев - әлемдік деңгейге көтерілген ақын] // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 4. – Б. 5–14.

7 **Қанарбаева, Б.** Жырымен жұртын оятқан [Текст] : Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы хақында. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 230 б.

8 **Есембеков, Т. М.** Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің мифопоэтикалық астары // Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған «Мағжан Жұмабаев мұрасы және руханият» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2018. – № 1. – 185–191-бб.

9 **Пірәлиева, Г.** Қазақтың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралдары. Оқу құралы [Текст]. – Астана : 2007. – 359-б.

10 «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асырудағы көркем әдебиеттің ресурстық әлеуеті: ұжымдық монография [Текст]. – Алматы : Press Co : 2020. – 320-б.

11 **Майтанов, Б.** Қаһарманның рухани әлемі [Текст]. – Алматы : Жазушы, 1987. – 317-б.

12 **Елеукунов, Ш. Р.** Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі. Оқу құралы [Текст] – Астана : «Астана полиграфия», 2008. – 392-б.

13 Oxford Advanced Learner's Dictionary. Oxford University Press; 71.S.ed edition (January 1, 2005). – 1835 p.

14 **Мельникова, Н. Н.** «Архетип грешницы в русской литературе конца XIX – начала XX века» автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – М. – 2011. – 33 с. [Электронды ресурс]. – <https://www.philol.msu.ru/~ref/avtoreferat2011/melnikova.pdf>

15 **Бигиев, З.** Большие грехи. Перевод на русский язык. «Издательские решения» Золейха Зиннурова, перевод, 2021. – [Электронды ресурс]. – <https://www.litres.ru/book/zahir-bigiev-30108901/bolshie-grehi-perevod-na-russkiy-yazyk-64889846/>

16 **Толстой, Л.** «Анна Каренина» роман [Текст]. – М. : Издательство АСТ, 2021. – 800 с.

17 **Флобер, Г.** «Госпажа Бовари» роман [Текст]. – М. : Художественная литература, 1989. – 430 с.

18 **Үсен, А.** «Әйелдің жұмбақ әлемі: Шолпан мен Эмма». [Электронды ресурс]. <https://qazaqadebiety.kz/16321/jeldi-zh-mba-lemi-sholpan-men-emma.17.08.2018>

19 Психиатрический словарь [Текст] / В. С. Первый [и др.]. – Ростов н/Д : Феникс, 2013. – 635, [1] с. – (Медицина).

References

- 1 **Yesin, A. B.** Psihologizm russkoi klassicheskoi literatury. Kniga dlya uchitelya [Psychologism of Russian classical literature: A book for a teacher / A. B. Yesin.] [Text]. – M. : Enlightenment, 1988. – p.18.
- 2 Chernyshevsky, N.G. «Chto delat'?» «Biblioteka Vsemirnoi literatury» [«What to do?» «Library of World Literature»][Text]. – M. : Fiction, 1969. – p. 610 .
- 3 **Zhumabaev, M.** Shygarmalary : olender, poemalar, kara sozder [Works : poems, words of edification] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1989. – p. 448.
- 4 **Temirtas, G.** «Sholpanyn kunası» angimesindegi ulttyq psihologizm [National psychologism in the story «The sin of Sholpan» [Electronic resource]. – [Text]. https://adebiportal.kz/kz/news/view/solpannyn-kunasi-angimesindegi-ulttyq-psixologizm_15490
- 5 **Kakishulu, T.** Magjan men Saken; gylmi esse [Magzhan and Saken: a scientific essay][Text]. – Almaty, 1999. – 447 p.
- 6 **Ysqaquly, D.** Magjannyn adebi – tanymdyq estetika [M. Jumabaev – alemdik dengeige koterilgen aqyn] [Magzhan's literary and cognitive aesthetics [M. Zhumabayev – a poet who has risen to the world level]][Text] // New Saryarka. – 2004. – № 4. – pp. 5–14.
- 7 **Qanarbaeva, B.** Magjan simvolist [Magzhan is a symbolist] [Text]. – Almaty : Economy, 2007. – 288 p.
- 8 **Esembekov, T. M.** Jumabaevtyñ «Sholpanyn kunası» angimesinin mifopoetikalyq astary // Magjan Jumabaevtyñ tuganyña 125 jyl toluyna arналған «Magjan Jumabaevtyñ murasy jane ruhaniat» atty halyqaralyq gylmi-tajiribelik konferensianyn materialdary [Mythopoetic background of the story «The sin of Sholpan» by M. Zhumabayev // Materials of the international scientific and practical conference «Magzhan Zhumabayev's Legacy and Spirituality» dedicated to the 125th anniversary of the birth of Magzhan Zhumabayev] [Text]. 2018. – № 1. – pp. 185–191.
- 9 **Piralieva, G.** Kazaktyn kerkem prozasyndagi psychologism of tabigaty zhane onyn beineleu kuraldary. Oku kuraly [The nature of psychologism in Kazakh artistic prose and its means of representation. Educational tool] [Text]. – Astana, 2007. – p. 359.
- 10 «Rukhani zhangyru» ideason zhuzege asyruudagy kerkem adebiettin resourcestyñ aleueti : Uzhyndyk monografiya [The resource potential of fiction in the implementation of the idea of «spiritual revival»: a collective monograph] [Text]. – Almaty : Press Co, 2020. – p. 320.
- 11 **Maitanov, B.** Kaharmannin rukhani alemi [The spiritual world of the hero] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1987. – p. 317.

12 **Eleukenov, Sh. R.** Magzhan. Omiri men shygarmagerligi. Oku kuraly [Text]. – Astana : «Astana polygraphy», 2008. – p. 392.

13 Oxford Advanced Learner's Dictionary. [Text]. – Oxford University Press; 71.S.ed edition (January 1, 2005). – p. 1835.

14 **Melnikova, N. N.** «Arhetip grešnisy v russkoi literature konsa XIX – nachala XX veka» [«The Archetype of the Sinner in Russian Literature of the Late 19th – Early 20th Centuries»] [Text] Abstract of a dissertation for the degree of candidate of philological sciences. – M., 2011. – 33 p. [Electrons resource]. <https://www.philol.msu.ru/~ref/avtoreferat2011/melnikova.pdf>

15 **Bigiev, Z.** Bolshie grehi. Perevod na russkii yazik. [Big sins. Translation into Russian.] «Publishing solutions» by Zoleykh Zinnurov, translation, 2021. [Electronic resource]. – <https://www.litres.ru/book/zahir-bigiev-30108901/bolshie-grehi-perevod-na-russkiy-yazyk-64889846>

16 **Tolstoy, L.** «Anna Karenina» roman [«Anna Karenina» novel] [Text]. – Moscow : AST Publishing House, 2021. – p. 800.

17 **Flaubert, G.** Gospaja Bovari» roman. [«Madame Bovary» novel][Text]. – Moscow : Fiction, 1989. – p. 430.

18 **Usen, A.** «Aieldin jumbaq alemi: Sholpan men Emma» [«The Mysterious World of Women : Sholpan and Emma»][Text] [Electronic resource]. – <https://qazaqadebieti.kz/16321/jeldi-zh-mba-lemi-sholpan-men-emma> 17.08.2018

19 Psihiatricheskii slovar [Psychiatric dictionary] [Text] / V. S. The First [et al.] – Rostov : Phoenix, 2013. – p. 635, [1] (Medicine).ix, 2013.– p. 635, [1] – (Medicine).

27.09.24 ж. баспаға түсті.

17.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Д. М. Ишанова¹, К. І. Матыжанов², С. К. Ташимбай³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы;

²Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова, Республика Казахстан, г. Алматы;

³Международная образовательная корпорация, Республика Казахстан, г. Алматы. Поступило в редакцию 27.09.24.

Поступило с исправлениями 17.01.25.

Принято в печать 25.11.25.

«ГРЕХ ШОЛПАН» М. ЖУМБАБЕВА – ПРОИЗВЕДЕНИЕ, СИНХРОНИЗИРУЮЩЕЕ КАЗАХСКУЮ ЛИТЕРАТУРУ С МИРОВОЙ ЛИТЕРАТУРОЙ

В данной статье проанализирован художественный мир рассказа выдающегося казахского писателя Магжана Жумабаева «Грех Шолпан», рассматриваются основные принципы построения текста, психологические аспекты поэтики рассказа, национальные характеры женского образа (Шолпан) в произведении и ее душевные переживания по поводу естественных запросов. Историко-социальные факторы, оказавшие влияние на мировоззрение автора произведения, рассматриваются в тесной связи с творческим мастерством писателя. В статье рассматриваются новаторский характер писателя в передаче психологических переживаний и душевных настроений героев, врожденный характер Шолпан и этика, приобретенная в результате традиционного воспитания, сложные психологические состояния, свойственные молодой женщине и особенности ее воплощения писателем. Акцентируется внимание на представлениях главных героев произведения (Шолпан и ее мужа) о концепции «греха», раскрывается проблема значения понятия «грех» – в казахском обществе той эпохи и ее актуальность для современного общества.

В ходе сравнения выясняется, что главный герой рассказа Магжана Жумабаева отличается от других судьбоносных женских персонажей в произведениях мировой литературы по своей природе и характеру. Раскрывается уникальность и особенность писателя в изображении женской психологии. Дифференцируются новаторский шаг и художественное решение писателя в раскрытии концепта «грех» в традиционном казахском обществе в сочетании с судьбами героев. Образ Шолпан, написанный Магжаном Жумабаевым в казахской литературе начала XX века, ценен не только своей национальной самобытностью, но и тем, что поднимает общечеловеческую проблему. Это очень важная тема, которая не утратила своей актуальности и сегодня.

При изучении темы используются традиционные научные описательные и семантические, качественные, аналитико-обобщающие, сравнительные методы.

Ключевые слова: женская психология, женский образ, казахская литература, драма, психологическое произведение, мир души, национальный характер.

*D. M. Ishanova¹, K. S. Matyzhanov², S. K. Tashimbay³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²M. O. Auezov Institute of Literature and Art,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

³International Educational Corporation,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 27.09.24.

Received in revised form 17.01.25.

Accepted for publication 25.11.25.

«THE SIN OF SHOLPAN» BY M. ZHUMABAEV IS A WORK THAT SYNCHRONIZED KAZAKH LITERATURE WITH WORLD LITERATURE

The article analyzes the artistic world of the story of the outstanding Kazakh writer Magzhan Zhumabayev «The sin of Sholpan», analyzes the basic principles of text construction, psychological aspects of the poetics of the story, the national characters of the female image (Sholpan) in the work and emotional experiences on the way to communicating with natural demands. The historical and social factors that influenced the worldview of the author of the work are considered in close connection with the creative skill of the writer. The article examines the innovative character of the writer in the transmission of psychological experiences and mood melodies of the characters, the innate nature of Sholpan, ethics acquired as a result of traditional upbringing, the complex psychological climate peculiar to a young woman, the peculiarities of her embodiment by the writer. Representations of the characters of the work (Sholpan and her husband) about the concept of «sin». Attention is focused on the fact that the concept of «sin» is a concept in the Kazakh society of that era and is an urgent problem for modern society.

During the comparison, it turns out that the main character of M. Zhumabayev's story differs from other fateful female characters in the works of world literature by its nature and character. The writer's artistic signature in the depiction of female psychology is revealed. The innovative step and artistic decision of the writer in revealing the concept of «sin» in the traditional Kazakh society in combination with the fates of the heroes are differentiated. The image of Sholpan, played by Magzhan in Kazakh literature of the early twentieth century, is valuable not only for its national

identity, but also for raising a universal problem. This is a very important topic that has not lost its relevance today.

Traditional scientific descriptive and semantic, qualitative, analytical-generalizing, comparative methods are used in the study of the topic.

Due to the fact that the topic of the conversation is relevant in modern society, a sociological survey was conducted. The purpose of the survey is to assess the individual views of modern women and men on such large-scale social problems as «sin» and «death of a wife in the family at the hands of her husband», which resonate in any society.

Keywords: female psychology, female image, Kazakh literature, drama, psychological work, the world of the soul, national character.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz